

№03
(227)наурыз
март

2023

2002 жылдың тамыз айынан бастап шығады

ҚОШ КЕЛДІҢ, ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ!

ҚҰТТЫҚТАУ

ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР,
БІЛІМ АЛУШЫЛАР!

Сіздерді Ұлыстың Ұлы күні - Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Наурыз - бұл тек көктемнің ғана емес, бұл ең әуелі ізгілік пен жақсылықтың мейрамы. Барша қазақстандықтар үшін Наурыз - қасиетті мереке, туған еліміз - Қазақстанда тұратын барлық халықтар достығының символы. «Бірлік болмай, тірлік болмас», деп дана халқымыз бекер айтпаса керек. Бұл қоғамда, дәстүрлі құндылықтар аясында бірігіп, игілікті жаңа бастауларға ниет білдіретін күн. Күннің алғашқы нұры әрбір шаңыраққа қуаныш, өзара түсіністік пен болашаққа деген сенімділік әкеледі!

Жақсылықтың жаршысы, жаңа жылдың бастауы - Наурыз мейрамы Сіздерге бақ-береке, ырыс-ынтымақ әкелсін! Еліміз аман, заманымыз тыныш болсын! Қазақ білімінің қара шаңырағы - Абай университетінің абыройы арта берсін!

Құрметпен,
Дархан Біләлов

НАУРЫЗБЕН СЫРЛАСУ

Қырмызы кілем жайғызып,
Қатар да қатар сән түзген.
Оңаша жерде ой сүзіп,
Сырласам сырлы наурызбен.

Самала жұпар аңқыған,
Наурызым келді тағы да.
Әнімен әсем шалқыған,
Наурызек қонды бағыма.

Сыңғырлап күміс күлкісі,
Жылғада жатыр су ағып.
Керуен де керуен жыл құсы,
Келеді көкте шұбалып.

Жүректі тербеп қуантқан,
Көл көсір көңіл әз елім.
Жібектей жылы шуақтан
Мейірімділік сеземін.

Жер-Ана шешті сілкініп
Ақмақпал тонын қимастан...
Өзендер жатыр ұмтылып,
Арнасына сыймастан.

Қырдың да үсті құлпырды,
Көкпенбек барқыт жамылып.
Жүректе бір ән бұлқынды,
Көк көйлек қызды сағынып...

Болат ЖҰМЫНҰЛЫ

РЕЙТИНГ

ABAI UNIVERSITY
ҮЗДІК ЖҮЗДІККЕ КІРДІ

2023 жылғы 22 наурызда QS World University Rankings by Subject 2023 жылғы кезекті рейтингісі жарияланды. Рейтингке 161 елден 1594 жоғары оқу орындары қатысты.

Соңғы уақытта QS World University Rankings by Subject маңыздылығы мен ықпалы күшейе түсуде, өйткені белгілі бір университетті таңдағанда студенттер жоғары оқу орындарының жалпы рейтингісімен қатар оларды қызықтыратын пәндік салалар (мамандықтар) бойынша рейтингтерге ерекше назар аударады.

QS World University Rankings by Subject рейтингіне 5 санат бойынша топтастырылған 54 пән кірді. Рейтинг әдістемесі бес негізгі көрсеткіштің негізінде құрылады: Академиялық бедел, Жұмыс берушілер арасындағы бедел, Дәйексөз, H-index және Халықаралық зерттеу ынтымақтастығы. Пәндер жаһандық және елдік (аймақтық) деңгейде бағаланады.

QS WUR by Subject 2023 қорытындысында Абай университеті екі санат, үш мамандық бойынша өз позициясын жақсартты.



«Өнер және гуманитарлық ғылымдар» санатында университет өз позициясын жаһандық рейтингте 297-ден 278-ге дейін жақсартты және рейтингке қатысқан отандық жоғары оқу орындары арасында 3-орынға ие болды. Осы санаттың егжей-тегжейлі бөлінісінде мынадай нәтижелерді атап өткен жөн: «Ағылшын тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша университет жаһандық рейтингте 95-ші орынға ие болып, топ-100-ке кірді. Айта кету керек, бұл мамандық бойынша университет өткен жылы рейтингке ие болған жоқ, алайда биылғы жылы 2021 жылдың нәтижесін жақсартып (201-250 орын) өзінің үздік позицияларын қайтарды. «Лингвистика» мамандығы бойынша осы санатта университет өткен жылмен бірдей позицияны ұстанды - әлемнің жоғары оқу орындары арасында 201-250 орын және Қазақстанның жоғары оқу орындары арасында 3 орын.

«Білім және оқыту» мамандығы бойынша «Әлеуметтік ғылымдар және менеджмент» санатында университет жаһандық рейтингте 76-орынға ие болды, бұл Қазақстанның жоғары оқу орындары арасында бірінші орынға сәйкес келеді. Осы мамандық бойынша университет соңғы үш жыл ішінде тұрақты оң динамиканы көрсетіп отырғанын мақтанышпен атап өтуге болады.

QS WUR by Subject 2023 университет жетістіктерінің динамикасы ондағы жоғары білімнің жаһандық академиялық кеңістігіне табысты интеграциялаудың, бәсекеге қабілеттіліктің және педагогикалық кадрларды даярлау саласындағы ұлттық брендтің танымалдылығын арттырудың көрсеткіші болып табылады.

Стратегия департаменті

БІЗДІҢ УНИВЕР ТУРАЛЫ ҚЫЗЫҚТЫ 10 ДЕРЕК

1. Абай атындағы ҚазҰПУ - Қазақстандағы тұңғыш жоғары оқу орны. Ол өзінің үздік дәстүрлері мен заманауи озық тәжірибелерді ұштастыра отырып, бүгінде еліміздің ТОП-5 университетінің қатарына кіреді және Қазақстан Республикасындағы педагогикалық білім беруде көшбасшы болып табылады.

Университеттің ресми ашылуы Қазақ АКСР Халық Комиссарлар Кеңесінің 1928 жылғы 23 наурыздағы шешімімен сол жылдың қазан айында өтті. Республика халқына білім беруді неғұрлым қарқынды дамыту мақсатында ашылған жоғары оқу орнына дербес педагогикалық институт мәртебесін беру туралы шешім қабылданды. 1930 жылы университет Қазақ мемлекеттік педагогикалық институты болып өзгертіліп, 1935 жылы ұлы Абайдың есімі берілді.

Институтта қазақ халқының көрнекті тұлғалары Ораз Жандосов, Сәкен Сейфуллин, Бәймен Алманов, Ахмет Байтұрсынов, Халел Досмұхамедов, Илияс Қабылов, Темірбек Жүргенов дәріс берді. 30-жылдары гуманитарлық ғылымның белгілі мамандары Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, М.Жолдыбаев, математик Ә.Ермеков еңбек етті. Сол жылдары ҚазПИ-де педагогикалық қызметке әдебиеттанушы Н.Н.Фатов, математик Б.Л. Кругляк, физик В.Ф. Захваткин және басқа да көптеген танымал кеңес ғалымдары келді.

2. Қазақстандағы тұңғыш жоғары оқу орнының ашылуы мен қалыптасуында көрнекті мемлекет қайраткері, дарынды ғалым, ұстаз Санжар Асфендияров орасан зор рөл атқарды. Араб, парсы, ағылшын, француз тілдерін жетік меңгерген С.Д.Асфендияров оқу орнының алғашқы ректоры болған. Оқу орнының оқу-материалдық базасын қалыптастыруға, оқулықтармен қамтамасыз етуге, ұстаздарды іріктеуге өлшеусіз үлес қосты. Ал институт өзінің дамуының алғашқы жылдарында-ақ елімізді бастауыш және орта мектептер үшін жоғары білікті мамандармен қамтамасыз ете бастады.

3. Ұлы Отан соғысы жылдары университет ұжымы үшін ауыр сынақтар кезекі болды. Майдандағы ерліктері үшін ҚазПИ-дің көптеген оқытушылары мен студенттері жоғары мемлекеттік наградалармен марапатталды. Мәлік Ғабдуллин Мәскеу түбіндегі шайқастарда неміс-фашист басқыншыларынан қорағудағы ерен ерлігі үшін Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды. Соғыстан кейін белгілі әдебиеттанушы, ғалым М.Ғабдуллин ҚазПИ-ді ұзақ уақыт басқарып, оның дамуына өлшеусіз үлес қосты.

4. Абай атындағы ҚазПИ 1978 жылғы өзінің 50 жылдық мерейтойын лайықты табыстармен қарсы алды. Осы жылы 12 қазанда КСРО Жоғары Кеңесі Президиумының Жарлығы бойынша педагогикалық мамандарды даярлау мен тәрбиелеудегі қол жеткізген табыстар мен жетістіктері үшін институт «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталды.

5. 1990 жылы 25 қазанда Абай атындағы ҚазПИ жоғары мәртебеге ие болып, «Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық университеті» атауын алды. Бұл Қазақстанның тәуелсіздік дәуірінің басталуымен сәйкес келді. Уақыт жоғары білім беру мен заманауи кадрларды даярлауға жаңа көзқарастарды талап етті. 1992 жылы 24 қарашада университет Абай атындағы Алматы мемлекеттік университеті болып өзгертілді.

6. 2003 жылғы 26 қыркүйекте Президент Н.Ә.Назарбаевтың №1201 Жарлығымен қазақ жоғары білімінің қара шаңырағы «Абай атындағы Қазақ

ұлттық педагогикалық университеті (ҚазҰПУ)» болып қайта аталып, «ұлттық» мәртебені иеленді. 2007 жылы 24 қыркүйекте Абай атындағы ҚазҰПУ жоғары білім көшбасшыларының Оксфордтағы саммитінде (Ұлыбритания) «XXI ғасыр көшбасшылары» бағдарламасы аясында «Біріккен Еуропа» және «Еуропалық сапа» тәрізді халықаралық марапаттарға ие болды. 2007 жылы университетке «Сапа саласындағы жетістігі үшін» Қазақстан Республикасы Президентінің мемлекеттік сыйлығымен марапатталды.

7. Бүгінде Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті - «Педагогикалық ғылымдар», «Өнер және гуманитарлық ғылымдар», «Жаратылыстану ғылымдары», «Қоғамдық ғылымдар», «Бизнес, менеджмент және құқық» және т.б. кадрларды даярлау бағыттары бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы ірі ғылыми-білім беру орталығы болып табылады. Университетте білім беру бағыттары бойынша жеті институт жұмыс істейді. Олар: Педагогика және психология; Математика, физика және информатика; Филология; Өнер, мәдениет және спорт; Жаратылыстану және география; Тарих және құқық; Сорбонна-Қазақстан институттары.

34 кафедра, оның ішінде үш жалпы университеттік кафедра (Әскери кафедра, ЮНЕСКО педагогикасы, Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасы) табысты жұмыс істеуде. Университет тарихындағы маңызды оқиға 800 жылдан астам тарихы бар Сорбонна-Париж университетінің филиалы - Сорбонна-Қазақстан институтының ашылуы болды.

8. Университетте Ғылыми кітапхана жұмыс істейді. Барлық оқу ғимараттары оқу залдарымен қамтамасыз етілген. Кітапхана қоры 1 700 000 данадан асады: оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар, монографиялар, көркем әдебиет үлгілері. Кітапханада сонымен қатар әлемдік көркем әдебиеттің ең бай қоры мен XVIII-XIX ғасырдың шет тілдеріндегі сирек басылымдар бар.

9. Университеттің заманауи және инфрақұрылымы дамыған материалдық-техникалық базасы бар. Оқу үрдісі жалпы ауданы 55 мың ш.м. құрайтын 12 оқу ғимаратында жүргізіледі. Оқу ғимараттарында 27 компьютерлік сынып, 15 лингофонды бөлме, 45 оқу және ғылыми зертханалар, 44 шеберхана, 38 интерактивті сынып бөлмелері бар. Студенттердің белсенді демалысы мен салауатты өмір салты үшін спорттық және жаттығу залдары, футбол алаңы және М. Әуезов атындағы спорт кешені бар. Профилактикалық және шұғыл медициналық көмек көрсетуге арналған денсаулық сақтау пункті бар. Университеттің жалпы ауданы 17 мың ш.м. асатын 5 жайлы жатақханасы бар.

Оқу орнында заманауи полиграфиялық жабдықтармен жабдықталған «Ұлағат» баспасы, сонымен қатар оқу орнының даңқты жолдарынан сыр шертетін шежірелі тарихы мен қызықты экспозицияға толы мұражай бар.

10. 2019 жылы университет Ғылыми кеңесінің шешімімен Абай атындағы ҚазҰПУ-ды халықаралық аренадағы беделін арттыру мақсатында «Абай университеті» - «Abai University» деген атауға өзгертіп, ребрендинг жасалды. Сондай-ақ, университеттің жаңа логотипі бекітілді. Еліміздегі жетекші педагогикалық университет биыл 95 жылдық мерейтойын атап өтуде.

«ШЫҢ» - СТУДЕНТТЕР ТЕАТРЫНЫҢ ТҰСАУЫ КЕСІЛДІ

Алматыда жаңа «Шың» студенттік театрының ашылу салтанаты өтті. Театр Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Өнер, мәдениет және спорт институты жанындағы өнерге ұмтылған студент-жастардың бастамасымен ұйымдастырылып отыр.

Өнер, мәдениет және спорт институтының тәрбие ісі жөніндегі директорының орынбасары Гүлжазира Ахметова «Шың» театры студенттердің бастамасымен құрылғанын айтады.

- Былтыр бізде қоғам арасындағы әлеуметтік мәселелерді көтеру мақсатында фестиваль ұйымдастырылды. Сол кезде студенттер қойылым қойып, ары қарай өздерінің ынтасымен театр ашуды ұйғарған еді. Өткен күзде елордамыз Астанада өткен фестивалге барып келдік. Енді өнердің шыңына шығайық деген мақсатпен «Шың» атанған студенттер театрының ашылуына барынша қолдау танытып жатырмыз, - деді.

Г.Ахметова «Сәби болғым келеді» қойылымы қоғамдағы әлеуметтік мәселелерді көтеруге бағытталып, сценарийін оқу ордасының былтырғы түлегі Жұлдызай Мұхтардың жазғанын айтады.

-Жалпы, қойылымды сомдаған жастардың барлығы актерлік шеберлік курсынан дәріс алмаса да, ынталары өте жоғары. Декорациясын, сахналық киім үлгілерін студенттердің өздері дайындады. Спектакльдің айтар ойы анық - жастар арасында белең алып бара жатқан нашақорлық, жеңіл жүріске түсу сынды қоғамға жат өзекті мәселелерді көтеріп отыр, - деді Г.Ахметова.

Ал Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Өнер, мәдениет және спорт институтының 3-курс студенті, «Шың» театрының режиссері Айгерім Дәулет театрдың осы бір ғана қойылыммен тоқтап қалмай, басқа да спектакльдерді қоюды жоспарлап отырғанын айтады.

AEL UNIVERSITY COURSERA ЖОБАСЫНА ҚАТЫСТЫ

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі қазақстандық жоғары оқу орындарының студенттері үшін Coursera халықаралық білім беру платформасына қолжетімділікті қамтамасыз етті. Осылайша, 95 жылдық тарихы бар Абай университеті - Coursera жобасына қатысқан еліміздегі алғашқы жоғары оқу орындарының бірі болып отыр.



Университетте Coursera курстарына 1 500 адам қатысты, оның 905-і - бакалавриат, 595-і - магистратура білім алушылары. Білім алушылар Coursera курсын 38 білім беру бағдарламасы, атап айтқанда, 11 бакалавриат бағдарламасы, 27 магистратура бағдарламасы бойынша оқуда. Студенттер мен магистранттар

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІК БАЙҚАУЫ

«Бастауыш білім беру» мамандығының студенттері арасында өткізілген VII Халықаралық педагогикалық шеберлік байқауының қорытындысы жасалды. Байқаудың мақсаты - болашақ мамандардың өз педагогикалық мамандықтарына деген қызығушылығын арттыру, мамандық беделін көтеру; білім алушылардың шығармашылық жеке қабілеттерінің дамуына қолайлы жағдай жасау.

Байқауға қазақстандық және шетелдік ЖОО-ның 8 тобынан өтінім келіп түсті. Студенттер байқаудың «Визитка» тапсырмасы бойынша топтарды таныстыруға дайындалды; «Мінсіз оқушы» тақырыбында презентация және постер әзірледі; сондай-ақ «Білгірлер» тапсырмасы бойынша сабақтың жоспар-конспектісін ұсынды.

Жоғары құзыреттілікке ие қазылар алқасы тақырыптың шығармашылық тұрғыда ашылуын, презентацияның, материалдар мазмұны мен ұсыну формаларының анықтығы мен эмоционалдығын, ерекшелігіін, жаңашылдығын бағалады. Нәтижесінде төмендегіше қорытындыға ие болды.

В.М. Шүкшин атындағы Алтай мемлекеттік гуманитарлық-педагогикалық университеті атынан қатысқан «Педагоги Наукограда» тобы - Савченко Ирина, Новокшенова Влада, Лугина Диана, Коровникова Галина. Абай атындағы ҚазҰПУ-і «NonStop» тобы - Попандопуло Марина, Поникарова Маргарита, Раис Риза, Оразбаева Жасмин I дәрежелі дипломмен марапатталса, II дәрежелі дипломды «Бақыт» тобы (Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті) - Абилкасим Сания, Дүйсенбі Назерке, Асилбек Арманай, Арыстан Бибігүл; «Сонпест» тобы (Пермь мемлекеттік гуманитарлық-педагогикалық университеті, Пермь, Ресей) - Фассалова Вероника, Рашевская Татьяна, Плишкина Юлия, Толкушенкова Анастасия; «BilimArt» тобы (Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті) - Мұхамеджан Риза, Момбек Толғанай, Түймебай Ұлмекен, Пердебай Ұлбала иеленді.

«Digital-учитель» тобы (Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті) - Арапбаева Аружан, Әбдіқани Жания, Изижанова Алина, Мирабдуллаева Дастона; «ПедHouse» тобы (Янки Купала атындағы Гродно мемлекеттік университеті) - Замана Анелия, Лысковка Юлия, Лях Анастасия, Малеева Маргарита. «Жарқын Болашақ» тобы (Абай атындағы ҚазҰПУ) - Оразбекова Жанна, Рабитқызы Назира, Қамбар Шұғыла, Тағабай Аружан III дәрежелі дипломмен атап өтілді.

Шолпан ШЫНЫБЕКОВА



-Біздің театр, негізінен, әлеуметтік тақырыптарды қозғайды. Студенттер қоғамның әртүрлі тақырыптарын еркін айта алатын халық қой. Сол себепті, өзіміз, студенттер болып, қоғамның басқа театрларда көрсетпейтін тұстарын көрсеткіміз келді. «Сәби болғым келеді» қойылымы бір адамның өмірі арқылы өмірде күнделікті орын алатын жемқорлық, алдау-арбау сынды өткір проблемаларды көтереді. Баспана тұрғызбас бұрын оның іргетасының мықтылығы қаншалықты маңызды болса, сәби кезінен балаға жылылық пен жақсы тәрбиенің соншалықты маңызды екенін жеткізгіміз келеді. Сонымен қатар, «Бір дәурен бозбалалық» атты студенттеріміздің жазған спектаклі бар. Сәтін салса, келесі аптада сахналасақ па деп отырмыз, - дейді Айгерім Дәулет.

Өз тілшімізден

«business», «math-and-logic», «personal-development», «physical-science-and-engineering» бағыттары бойынша «Project Management: The Basics for Success», «Python Data Structures», «Fundamentals of Management» және т.б. Coursera-ның 34 курсына жазылды.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі ЖАОК пайдаланудың төрт үлгісін ұсынды: Тек ЖАОК: пәнді толығымен ауыстыру; ЖАОК-қолдау; Аралас оқыту «+ЖАОК»; Аралас оқыту «ЖАОК+». Университеттің академиялық комитетінің отырысында ЖАОК-ты оқу процесінде қолданудың 2-ші және 4-ші модельдерін енгізу туралы шешім қабылданды.

Ағылшын тілін білмейтіндер үшін платформа қазақ және орыс тілдеріне аударылған курстарды ұсынады. Сондай-ақ, Amazon өкілдерімен бірлесіп, білім алушылар үшін ағылшын тіліндегі курстар қарастырылған.

Бүгінде Абай университетінің Математика, физика және информатика институтының, Филология институтының және Педагогика және психология институтының 12 студенті Courser курсына қатысып, сертификаттар алды.

Баспасөз қызметі

«JANA TOLQYN» ЖАРЫС ЖОЛЫНА ШЫҚТЫ

Алматы қаласының жоғары сынып оқушылары мен колледж және жоғары оқу орындары студенттері арасында екінші рет жарыс өткізілді. Жарыстың ұйымдастырушылары «Смелость быть первым» Корпоративтік қоры, Абай атындағы ҚазҰПУ және Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ командалары болды.



Jana Tolqyn - Алматы қаласындағы бұқаралық спортты қайта жандандыруға және студенттер мен мектеп аудиториясын спортқа барынша тартуға бағытталған жастар жарысы. 200-ге жуық адам 100 және 800 метр қашықтыққа жүгірді. Жарыс дене шынықтыру-жаттығу кешенінің стадионында, Абай даңғылы, 159 мекенжайында өтті. Жарысқа 15 пен 22 жас аралығындағы әуесқой спортшылар қатысты. Қашықтықты бағындырған барлық спортшылар финиш сертификатына ие болды. Жас санаттары бойынша жеңімпаздар медальдармен және грамоталармен марапатталды.

Ақерке ЫСҚАҚ

НАУРЫЗҒА БАЙЛАНЫСТЫ 22 ДЕРЕК

1. Наурыз мейрамы – әлемнің ең көне мерекелерінің бірі. Орта Азия халықтары оны бес мың жыл бойы атап өтіп келеді.

2. Наурыз – парсы тілінде бір ғана күн аты, яғни жаңа жылдың бірінші күні – «жаңа күн» деген сөз.

3. Наурыз мейрамы – күн мен түннің теңелетін күні 22 наурызда атап өтетін ұлық мереке.

4. Наурыз мерекесін тойлау дәстүрі дүние жүзі халықтарының көпшілігінің тұрмыс-салтында бағзы замандардан орын алған. Бұл мейрамды ежелгі гректер «патрих», бирмалықтар «су мейрамы», тәжіктер «гүл гардон», хорезмдіктер «наусарджи», татарлар «нардуган», буряттар «сааган сара», соғдылықтар «наусарыз», армяндар «навасарди», чуваштар «норис ояхе», түркімендер «гүлшешек», «гүлнаурыз» деп түрліше атаған.

5. Наурыз мерекесі 18-ғасырға дейін Грек, Рим, Италия,Франция, Ұлыбританияда атап өтіліп, 1700 жылға дейін Русь елінде де тойланған деген дерек бар.

6. Көктем мерекесі туралы мәліметтер антикалық және ортағасырлық жазушылардың еңбектерінде кездеседі. Платон, Аристотель, Әбу Насыр әл-Фараби, Әбу Райхан Бируни, Омар Хаям, тағы басқалардың еңбектерінде шығыс халықтарының Наурызды қалай тойлағандығы туралы мәліметтер мол.

7. Наурыз мейрамының шығу тарихы турасында талас көп. Көбі ел аузындағы аңыздарға жүгінеді. Аңыздың өзі саналуан. Ең бастысы наурыз мейрамы – діни мереке емес, ол өзінің бастауын мұсылмандыққа дейінгі замандардан алады. Кейбір ғалымдар бұны зороастризм мен шаманизм кезеңіне дейінгі уақытпен байланыстырады. Кейбір этнографтар парсы патшасының жорықтарымен байланыстырып жүр. Біздіңше, наурыздың шығу себебі көшпелі халықтардың көші-қон ұғымына қатысты.

8. Орта ғасырлық ғалымдардың еңбектеріндегі деректерге назар салсақ, Тұран халықтары Наурыз күндері мынадай ырымдар жасаған: Әр жерде үлкен от жағып, отқа май құйған. Жаңа өнген жеті дәнге қарап болашақты болжаған. Жеті ақ кесемен дәстүрлі ұлттық көже – сумалақ ұсынған. Ескі киімдерін тастаған. Ескірген шыны аяқты лақтырған. Бір-біріне гүл сыйлаған. Үйлерінің қабырғаларына дөңгелек ою – «күн символын» салған. Үй ішіндегі тіреу ағашқа гүл ілген. Ұлттық ойындар ойналған. Бұл күні кәрі-жас мәз болып, бір-біріне жақсы тілектер айтқан. Араздасқандар болса, кешірген.

9. Наурыз – дәстүрлі қазақ қоғамында Ұлыстың ұлы күні деп саналған, ол жыл басы деп есептелген. Ұлыс күні қазақ елі үшін әрқашан қасиетті және киелі.

10. Жаңа жыл табалдырықтан аттайтын кеште төрге қос шырақ жағылып қойылатын болған. Наурызға дейін үйдегі жиназ бен барлық мүлік қағылып-сілкіленіп, жуылып, тазартылады. Мұнда «Жаңа жыл мұнтаздай таза үйге кірсе , ол үйдің адамдары ауру-сырқаудан, пәле-жаладан аман болады» деп ырымдалған.

11. Наурыз мейрамын тойлау сібірлеп атқан алтын таңды қарсы алудан басталған. Бұл ежелгі ғұрыптардың тағы біріне «Бұлақ көрсең, көзін аш» деген ұғым да жатады.

12. Қазақ халқының нанымы бойынша, наурыз айының алғашқы күндерінің бірінде жер бетінде ерекше бір гүіл жүреді. Ол гүілді бірінші болып қой жануары сезеді-мыс. Мұндай күні бүкіл тірі тіршілік – табиғат, жан-жануарлар, адамдар жандана түседі. Бұл күні шаш алуға, тырнақ алуға болмайды, әйтпесе сал болып қаласың деседі. Айналадағы тір жан иесінің бәрі «әзден» кейін ғана ерекше күш-қуатқа ие болады деп ырымдайды.

13. Қазақ халқы бұл мейрамды «Әз Наурыз мейрамы» деп те атайды. Наурыз мерекесін қазақтар «Армысың, Әз-Наурыз!», «Әз болмай, мәз бомайды» – деп қарсы алған.

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің базасында ғылым және жоғары білім министрлігі қаржыландыратын «Отырар ауданындағы топырақ тұздылығының жүгерінің өсіп-өнуіне әсерін зерттеу және дақылдың өнімділігін болжаудың ғарыштық әдісін әзірлеу» атты жоба сәтті жүзеге асырылуда. Еліміздің ғылым саласындағы жас буынның арасында аты таныла бастаған талантты ғалым, PhD докторы – Шахислам Лайсханов жетекшілік ететін ғылыми жобаны Абай университетінің ғалымдары – география ғылымдарының докторы, профессор К.Д. Каймулдинова, PhD Д.Т. Алиаскаров, Н.Б. Мырзалы, Е.Р.Абикбаев және Ө. Оспанов атындағы Қазақ топырақтану және агрохимия ғылыми зерттеу институтының қызметкерлері М.Н. Пошанов, Ж.М. Сманов және басқалар бірлесіп орындауда. Жоба бойынша зерттеу жұмыстары үш жылға жоспарланғанымен, алғашқы екі жылдың өзінде ғалымдар біршама нәтижелерге қол жеткізіп, бірқатар жарияланымдар жасап үлгерген. Атап айтар болсақ, жоба аясында Scopus және Webof-science халықаралық деректер базасына кіретін журналдарда 3 мақала, ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған рецензияланатын отандық басылымда 1 мақала, халықаралық конференциялық жинақта 1 мақала және 1 монография жариялаған.

«Зерттеу жұмыстарын жобаның күнтізбелік жоспарына сәйкес орындап отырмыз және алынған әрбір ғылыми нәтижені мақала түрінде рәсімдеп, көпшілікке жариялап отырдық», - дейді жоба жетекшісі Шахислам Ұзақбайұлы. Оның сөзінше жоба аясында OnLine Journal of Biological Sciences журналында жарияланған «The Effects of the Degree of Soil Salinity and the Biopreparation on Productivity of Maize in the Shaulder Irrigated Massif» тақырыбындағы мақалада соңғы кездері зерттеу нысанындағы шаруа қожалықтар қолдана бастаған биопрепараттар мен топырақтың тұздылығының жүгері дақылына әсерін эксперименттік жұмыстар мен классикалық әдістер арқылы зерттеу нәтижелері көрсетілген. Ал осы басылымда жарияланған екінші «A Study of the Effects of Soil Salinity on the Growth and Development of Maize (Zea Mays L.) by using Sentinel-2 Imagery» атты мақалада зерттеу тобы топырақтың тұздануының жүгерінің өсіп-дамуына әсерін қашықтан зерделеу әдісі арқылы «Sentinel-2» жердің жасанды серігінің түсірілімдерін қолдана отырып зерттеген. Осылайша, тұзданған топырақтар жүгерінің биологиялық өнімділігіне ғана емес, олардың өсіп-дамуын және пісіп-жетілуін уақыт тұрғысынан да тежейтін фактор екендігі анықталған.

ЖАС ҒАЛЫМДАР ӨНІМДІЛІКТІ БОЛЖАУДЫҢ ЖАҢА ӘДІСІН ОЙЛАП ТАПТЫ

«Бұл зерттеудің негізгі мақсаты – еліміздің аридті аймағында орналасқан Шәуілдір суармалы алқабындағы кең тараған дақылдардың бірі – жүгері егістіктеріндегі топырақтардың тұздануын далалық зерттеу және ғарыштық әдістерді қолдана отырып зерттеу және жерді қашықтан зерделеу мәліметтерін негізге ала отырып, тұздану картасын құрастырудың алгоритмдерін жасау болды», - дейді жобаның жауапты орындаушысы Жасұлан Сманов. Осылайша, ғалымдар өздері әзірлеген авторлық алгоритм негізінде зерттеу нысанының тұздану картасын құрастырып,



тұзданған жерлердің көлемін анықтаған.

Зерттеу барысында ғалымдар Отырар ауданының жүгері егістіктеріндегі топырақтардың тұздануы уақыттық (мезгілдік) және кеңістіктік тұрғыдан құбылатынын анықтап, бұл құбылыстың мезгілдік және кеңістіктік динамикасын жасаған. Зерттеу тобының осы мәселе төңірегіндегі зерттеулерінің нәтижелері Қызылорда университетінің хабаршысында және халықаралық конференция жинағында жарияланған. Ал, жоба аясында орындалған «Отырар ауданының агроландшафттары» монографиясы жас ғалым Ш.Ұзақбайұлының соңғы он жылдан бергі зерттеу жұмыстарының нәтижесі ретінде қарастыруға болады. Тіпті, жас ғалымның докторлық диссертациялық жұмысы «Оңтүстік Қазақстан облысындағы агроландшафттардың деградациясы (Отырар ауданының мысалында)»

тақырыбында болған екен.

Жоба орындаушылардың бірі – Абай атындағы ҚазҰПУ-і Жаратылыстану және география институтының директоры, профессор Күләш Каймулдинованың сөзінше орындалып жатқан жоба БҰҰ Тұрақты даму тұжырымдамасындағы 17 мақсаттың ішіндегі «Аштықты жою», «Тұрақты қалалар және елді мекендер» және «Жауапты тұтыну және өндіріс» сияқты мақсаттарды жүзеге асыруға ықпал етеді. Дамыған елдерде ауылшаруашылық дақылдардың өнімділігін болжау әдістерін жасау және осындай зерттеулерде



жерді қашықтан зерделеу деректерін қолдану мәселесі жолға қойылған, тіпті, көптеген дамыған елдердің өнімділікті болжау жүйесі бар. Сондықтан, біздің алдымызда да еліміздің континенталды климат жағдайына негізделген және топырақтардың тұздану, ластану, шөлдену сияқты агроэкологиялық ахуалын ескере отырып, дақылдардың өнімділігін болжауға мүмкіндік беретін әдістерді әзірлеу өзекті мәселелердің бірі екендігін атап өтті.

Бүгінгі таңда, зерттеу тобы екі жылдық зерттеу нәтижесінде жүгері дақылының өнімділігін болжаудың жаңа әдісін әзірлеп, оны сынақтан өткізу мәселесімен айналысуда. Егер, ғалымдар ұсынған әдіс сынақтан сәтті өтсе, тек жүгерінің өнімділігін ғана емес, басқа дақылдардың өнімділігін болжауға септігін тигізе алады. «Жоба нәтижесінде әзірленетін

әдісті қолдану арқылы басқа да суармалы жағдайдағы жерлердің жүгері өсірген жағдайда, қанша өнім беретінін болжауға болады. Осылайша, өнімділік әлеуеті жоғары жерлерді анықтап, суармалы егістік көлемін ұлғайту және ауылшаруашылық өндірісті арттыру сияқты жағымды құбылыстарға алып келуі мүмкін. Бұл мал шаруашылығының да дамуына оң ықпал етеді. Сонымен қатар, әзірленген әдіс тек қана жүгерінің ғана өнімділігін болжауда ғана емес, басқа да дақылдар бойынша қолданылуы мүмкін», - дейді жоба жетекшісі Шахислам Лайсханов.

Абай атындағы ҚазҰПУ-і География және экология кафедрасының меңгерушісі, Думан Алиаскаров: «Қазіргі таңда, осы ғылыми жобадан бөлек, кафедрамызда 4 ғылыми жоба бойынша жұмыстар орындалуда. Өткен жылы ғылым комитетінің ғылыми және ғылыми-техникалық жобаларды гранттық қаржыландыру конкурсында кафедрамыздың ғалымдары ұсынған 4 жоба жеңімпаз деп танылды. Қазіргі уақытта біздің ғалымдар бірнеше бағытта зерттеу жұмыстарын жүргізіп отыр. Атап айтқанда, урбандалу жағдайында моноқалалардың тұрақты даму мәселелері (Жамбыл облысы мысалында), білім беруде тұрақты даму мәселелерін жүзеге асыру, жаңартылған мазмұндағы географияны оқытуда геоапараттық технологияларды қолдану және болашақ география пәні мұғалімдерінің картографиялық құзыреттілігін қалыптастыру мәселелері бар. Бір сөзбен айтқанда, біздің кафедра университетіміздің «зерттеу университеті» мәртебесін алу жолындағы үлесі қомақты», - дейді. Сонымен қатар, ол жоба жетекшісі Шахислам Лайсхановтың 2022 жыл қорытындысы бойынша «ЖОО үздік оқытушысы» және «Талантты жас ғалымдарға арналған мемлекеттік ғылыми стипендия иегері» атанғанын атап өтті.

Абай университеті білімнің ғана емес, ғылымның да ордасы екендігін және оқу орнының «зерттеу орталығы» мәртебесіне бір қадам жақын тұрғанын осы жалғыз ғана кафедрада орындалып жатқан ғылыми зерттеу жұмыстарынан және ғалымдардың қол жеткізіп жатқан нәтижелерінен-ақ аңғарамыз. Қазақтың кемеңгер тұлғасы, жазушы М. Әуезов айтқандай, «Осы күнгі біздің көп мақтанышымыздың ең ірісі - ғылым». Ғылым дамымай, ел өркендемейді. Сондықтан елімізде ғылымға басымдық берілуі керек.

Болат ҚАРАМАНАС

Бүгінгі тәуелсіз Қазақстан жағдайында білім беру жүйесінің қайта құрылуы, оның адамгершілікке бағдарланып, мәдениеттен көрініс алуы адамның шығармашылық әлеуетінің ашылуына, рухани құндылық бағдарының қалыптасуына әсер етеді. ХХІ ғасырда рухы биік мәдениетіміз бен біліми әлеуетімізді жоғарылату шәкірт бақытын аялаған ұстаздар қауымына байланысты екені айғақ. Осы тұрғыдан алғанда өмірден өз орныңды табуға жол бастайтын, үлгі-өнеге, ақыл-кеңес беретін жанашыр ұстаздың болуы үлкен бақыт. Әлемнің атақты ұстазы атанған ұлы бабамыз Әбу Насыр әл – Фараби «Адамға ең әуелі білім емес, тәрбие керек, тәрбиесіз білім адамзаттың қас жауы» деген екен. Ұстаздың ұлағаты – шәкіртіне білім нұрын төкпей тұрып санасына сан қырлы сәуле құю. Осындай ұлағатын ұдайы көрсететін ұстаздардың бірі – педагоғалым, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Зульфия Унербаева.

Ұстаздық үлкен жауапкершілікті талап ететін іс. Ұстазға жүктелетін міндет өте ауыр, өз ісіне шын берілген, ұлттық қасиеттеріміздің асылдарын асқақтата отырып шәкіртінің жанына нұр құятын ұстазды ғана бүгінгі күннің ұйытқысы деуге әбден болады. Жастайынан білімге құштар, өнердің құдіретін терең түсіне білетін Зульфия Оралбайқызының шыққан биігі ұзақ жылғы еңбегінің жемісі. «Жақсының жақсылығын айт нұры тасысын» дейді дана қазақ. Сандаған шәкірт тәрбиелеп, ғылымға сүбелі үлес қосып келе жатқан қазақтың осындай шоқтығы биік азаматшаларының болуы біз үшін үлкен мақтаныш, зор мәртебе. Зульфия Оралбайқызы отбасында аяулы жар, ардақты ана сүйікті әже. Кез-келген адамға тән ортақ қасиет-табиғат берген талант, тынымсыз еңбек, өз халқына, өз шәкірттеріне деген сүйіспеншілік десек, Зульфияның бойынан осы адами қасиеттердің барлығы табылады. Бұл қасиеттердің бір арнаға түсе келіп, зерделі де талғамды өміршең дүниелер тұдыратыны сөзсіз. Осыған байланысты, жаңа істерді дамыту үшін өнегелі өмір сүрген, маңызды еңбектер қалдырған адам үнемі бағдар болады. Өзінің барлық болмысымен басқаларға үлгі-өнеге бола алған, жастарға ақыл кеңесін аямаған, өнегелі өмір иесі Зульфия Оралбайқызына ізгі ниетпен зор денсаулық, жаңа баянды бастамаларына сәттілік, шығармашылық табыс тілей отырып, үстем болсын мерейің, үлгілі ұстаз деп тілек білдіреміз.

Зульфия Унербаева 1967 жылы 12 қаңтарда қазіргі Түркістан облысы Созақ ауданына қарасты Ақсүбе селосында дүниеге келген.

ҰСТАЗЫ ЖАҚСЫНЫҢ ҰСТАНЫМЫ ЖАҚСЫ



1985 жылы Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінің Жаратылыстану – география факультетінің «химия – биология» мамандығы бойынша дайындық курсына оқуға түсіп, 1991 жылы үздік дипломмен бітірді.

1991 жылы қыркүйек айынан бастап Алматы қаласындағы «жас натуралистер» станциясында «биология» пәнінен үйірме жетекшісі, 1992 жылдан бері қазіргі Абай университетінің химия және биология

факультетінің жаратылыстану пәндерін оқыту технологиясы кафедрасында «химияны оқыту әдістемесі», «химия – мектепте», «химиядан есептер шығарудың әдістемесі», «химиядан эксперимент жүргізудің әдістемесі» атты пәндерінен дәріс, семинар, практикалық сабақтар жүргізіп келеді, жүргізген пәндерінің мазмұны бағдарламалық талапқа сай.

Осы уақытқа дейін автордың баспадан «Номенклатура мен символиканың өзара байланысы арқылы оқушылардың химиялық білімін жетілдіру» (2003ж), «Бейорганикалық химия практикумы» (2004ж), «Химияны оқыту әдістемесі» (2005), «Химияны оқыту әдістемесі практикумы (2005), «Педагогикалық практика әдістемесі» (химия пәні негізінде) (2006), «Педагогикалық практиканың күнделігі» (2007), «Бейорганикалық химиядан студенттерге арналған өз бетінше орындайтын сұрақтар мен тапсырмалар» (2007), «Химиядан орысша, қазақша, ағылшынша, сөздігі 1, 2, бөлім (2010), «Химия мектепте. Оқу әдістемелік құралы» (2011), «Химияны оқыту әдістемесі. Оқу әдістемелік құралы» (2011), Z.Unerbayeva, E.Nurgaziyeva Methods of solving from Chemistry educational manual//Оқу құралы (2018); Z.Unerbayeva Chemical training method practice//Оқу құралы (2018); Мектеп химиядан экспериментін жүргізудің әдістемесі // Оқу құралы. Абай атындағы ҚазҰПУ «Ұлағат». Алматы (2016). Химиядан есептерді шығару әдістемесі // оқу-әдістемелік құрал, «Ұлағат» баспасы. Алматы (2017), «Химияны оқыту теориясы мен әдістемесі» (2021), «Критериалды бағалау технологиясы» (2021), «Бейорганикалық химиядан студенттерге арналған өз бетінше орындайтын сұрақтар мен тапсырмалар», «Химияны оқыту әдістемесі» оқулықтары (2022) жарыққа шықты. Жалпы, педагог ғалым ретінде З. Унербаева осы уақытқа дейін 500-ден астам ғылыми – әдістемелік мақалалар жариялаған.

Абай атындағы ҚазҰПУ-інде қызмет етіп жүрген осы жылдар ішінде Зульфия Оралбайқызы өзінің білікті, білгір маман екендігін танытты. Ол халықаралық, республика көлеміндегі және университет ішіндегі ғылыми –практикалық конференцияларда, әдістемелік семинарларда, баяндамалар жасап, студенттрердің ғылыми зерттеу жұмыстарына, дипломдық, магистрлік, докторлық жұмыстарға жетекшілік жасап келеді.

Б. ЖҰМЫНҰЛЫ

НАУРЫЗҒА БАЙЛАНЫСТЫ 22 ДЕРЕК

14. Наурыздың 21 күні бүкіл даланы Қызыр ата аралап, кезіккен адамға бақ-дәулет дарытады. Қызыр атаның назары түскен тас еріп жерге түссе, ондағы қатқан тоң жібиді, көңіл жылиды деп ырымдайды.

15. Наурыз мейрамында халық таза әрі жаңа киімдерін киген. Ер адамдар бір-бірімен қос қолдап амандасып, төс қағыстыратын болған. Әйелдер құшақтасып, бір-біріне игі тілектер айтқан. Бұл күні адамдар бірін-бірі мерекеге арнап дайындалған наурызкөже ішуге шақырады. Наурызкөже қойдың басы мен сүр ет салып дайындалады, бұл ырым – қыстағамымен (етпен) қоштасуды, құрамына ақтың қосылуы – жазтағамымен (сүт, ақ) қауышуды білдіреді.

16. Наурызда, әдетте адамдар арам пиғыл, пендешілік атаулыдан арылады. Ақсақалдар араларына жік түскен бауырлас ел, ру, ағайын-туыс, дос-жарандарды бір дастарқаннан дәм таттырып, табыстырған, жалғаз-жарым жетім-жесірлерді теңін тауып қосып, үйлендірген, жеке отау еткен. Кембағал, мүгедектерді жақын туыстарының қарауына арнайы міндеттеп, тапсырған. Жұтқа ұшырып қиналғандарға жылу жинап берген.

17. Наурыз – көктем мен еңбектің, достық пен бірліктің, бейбітшілік пен біртұтастықтың мейрамы болумен бірге, халқымыздың сал-дәстүрлерін құрметтеп, ұлттық төл қасиеттерімізді бойына сіңіріп, жан-жақты дамыған, өнегелі, өнерлі, мейірбан азамат тәрбиелейтін ұлттық мейрамымыз.

18. Кеңес өкіметінің алғашқы кезеңдерінде (1918-1925 ж.ж.) шығыс халқы бұл мерекені атап өткенімен, 1926 жылы большевиктік-тоталитарлық жүйе оны «діни мейрам», «ескіліктің сарқыншағы» деген желеумен тоқтатып, тойлауға қатаң тыйым салды. Әйтсе де Қазақстанның кейбір аймақтарында жасырын түрде сақталды. Көп жылдар бойы еске алынбай ұмытылған, сөйтіп өзінің негізгі функциясын жоғалтқан мереке 1988 жылдан бері қайта жаңғырып, Наурызды тойлау дәстүрі өз жалғасын тапты.

19. Наурыз мейрамы 1991 жылы 15 наурызда Қазақ КСР Президентінің қаулысының негізінде мемлекеттік мәртебеге ие болды, 22 наурыз күнін «Наурыз мейрамы» деп ресми жариялады.

20. 2009 жылдың 24 сәуірінде ҚР президентінің қаулысына сәйкес наурыздың 21, 22, 23 күндеріне «Наурыз мейрамы» деген мәртебе берді.

21. 2010 жылдың 10 мамырынан бастап БҰҰ Бас ассамблеясының 64-қарарына сәйкес 21 наурыз «Халықаралық Наурыз күні» болып танылды. Бас ассамблея өзінің берген түсініктемесінде «Наурызды көктем мерекесі ретінде 3000 жылдан бері Балқан түбегінде, Қара теңіз аймағында, Кап тауында, Орта Азияда және Таяу Шығыста 300 миллион адам тойлап келе жатқандығын» мәлімдеді.

22. 2009 жылдың 30 қыркүйегінде ЮНЕСКО Наурыз мейрамын адамзаттың материалдық емес мәдени мұра тізіміне енгізді.

Дайындаған

Болат ШАРАХЫМБАЙ.

ТҰЛҒАЛЫҚ ДАМУ ЖОЛЫНДАҒЫ ЖАСТАР ОҚУҒА ТИІСТІ 5 КІТАП

«Адамдар кітап оқуды тоқтатқан кезде ойлауды да тоқтатады». Ұлы француздық жазушы Дени Дидро кітапқұмарлық жайлы ойын осылайша жеткізеді. Демек, мұқабаны мүжіп, ішіндегісін сіңіріп жүрген жанның ғана ішкі қиялында шек болмайды. Шығарманы оқу барысында оқиға алаңына еріксіз еніп, кейіпкерлермен іштей сырласа алады. Алған білімдерін ұмытпай, қағаз бетіне түсіріп отыратын болса, ол жай ғана оқырман емес, ол – даму жолындағы тұлға. Дәл осы жолдағы жастардың тұлғалық дамуына септігін тигізетін үздік 5 кітапты ұсынбақпыз. Өзіңізге керегін алыңыз, жас кітапқұмар!

Қалың оқырманның ыстық ықыласына бөленіп, жағымды пікірлер жинап жүрген, даму тақырыбындағы кітаптардың көшін бастайтын кітап – Қайрат Жолдыбайұлының **«Кемел адамы»**. 2021- жылы жарық көрген бұл туынды атауынан бастап-ақ Абайдың пәлсапасын еске түсіреді. Жан-жақты жетіліп, дамыған, идеалды адамның бойындағы қасиеттері мен едеттерін санамалауға тырысқан жазушы оқырмандарын «кемел адам» болуға шақырады. «Кемелдену кедергілері» деп айдар таққан алғашқы тарауында автор үрей, уайым, сенімсіздік, екінші сынды дүниелермен қалай күресу керектігін ашып көрсетеді. Аз-аздан, бірақ үздіксіз әрекет етіп, тәубе техникасын меңгерген адам өз өмірінің тізгінін қолына алады деп сенеді. Жоғарыдағылардан өзге, жоспарлаған істі кейінге қалдыру едетінен арылу жолдарын белгілейді. «Денсаулық» деп аталатын екінші тарауда дұрыс ұйқы, дұрыс тамақтану маңыздылығын баяндаса, келесі тарауда тайм-менеджмент мәселелеріне қатысты лайфхактар мен қағидаларды ұсынады. Соңғы үш тараудың бірін қаржылыққа сауаттылыққа, қалған екеуін эмоциялық зерде мен ішкі сезімдерді басқару тәсілдеріне арнайды. Әр бөлім өзіндік мысалдар мен рухани қағидалар нәтижесінде ойтүйіндейді.

Жүздеген жылдар бұрын Вавилон әсем үйлері мен зәулім сарайларының арқасында жер шарындағы ең бай мемлекет болған. Бұдан өзге көне қала заманауи қаржылық жүйенің бесігі ретінде саналған. Тұрғындардың қаржылық сауаты жоғары болғандығы сондай, әрқайсысында ақша табу еркіндігі болған, тіпті құлдар өз бостандығын сатып алып отырған. Ежелгі қала осылайша 1926-жылы Джордж Клейсонды Вавилондағы байлық пен қаржы құпияларына арналған қысқа әңгімелерді жазуға шабыттандырады. Автор қарапайым оқиғалар нәтижесінде үлкен сабақ беруге тырысады. Көп уақыт өтпестен, әңгімелер үлкен танымалдылыққа ие болып, **«Вавилондағы ең бай адам»** деп аталатын кітапқа біріктіріледі. Кітап сауатты үнемдеу мен инвестицияға, санадағы құлдық кісенінен құтылуға үйретеді. Басты принцип: «ақша сен үшін жұмыс жасасын, сен ол үшін емес». Құнды ақпараттар вавилондық олигарх Аркадтың өсиеті негізінде беріледі. Әр табыстың он пайызын жинақтап отыруды, керексіз шығындардан арылып, ақшаны пайдалы дүниеге салу керектігі жөнінде айтылады. Адам білім алып, рухани дамыған кезде ғана алдына қойған мақсаттарына жете алады деп мәлімдейді. Кітаптағы сабақтар мен баға жетпес ойларды бір жазба бетінде айтып тауысу мүмкін емес. Бойыңызға сіңіруге тиісті кітаптағы басты ой: «байлықтың орнына ақылды таңдаған адам тұлға болады».

Сөзге арқау еткелі отырған кезекті туындыны оқырмандар сауатты әрі қарапайым жазылғандығы үшін ұнатады. Данияр Жігітбектің **«Лайфхактар – өміріңді өнімді өткіз»** атты кітабы аз ғана уақыт ішінде көптеген кітапқұмарлардың ойын жаулап үлгерді. Өмір жолында кездесетін әрқилы мәселелер мен келеңсіз жағдаяттарды тапқырлықпен шешу жолдарын ұсынады. Мақсатқа жету жолындағы пайдалы да ұтымды кеңестермен бөліседі. Ерекшелігі

сол, кеңестер қаламгердің жеке тәжірибесіне, жеке даму жолындағы ізденістерінің негіздеріне сай жазылған. Кітап аса ұқыпты, жүйелі жазылуымен қатар бойына қазақи тәрбиені толықтай сақтаған. Күнделікті өмірге енгізіп, қолдануға тұрарлық лайфхактар санмен емес сапамен байланысты айрықша күшке ие. Ниетпен басталып, краудфайдингпен аяқталатын салмақты техникалар қатарын сіздің де шолып шыққаныңыз жөн.

Бүкіләлемдік бестселлер иесі Дейн Карнеги психология жайлы көп мұралар жазып қалдырған. Көршілігі қарым-қатынас психологиясына арналады. Он бес жылдан астам уақыт Америка мен Еуропа елдерінде шешендік өнер жайлы сабақ беріп жүріп, үлкен тәжірибе жинақтайды. Нәтижесінде Карнеги адамды тұлға ретінде ашып, оған түсініспеушіліктер мен қайшылықтардан алыс қатынас жүйесін қалыптастырады. Автордың **«Шешендік өнер: өзіңе сенімді болу және көпшілікке ықпал ете сөйлеу өнері»** деп аталатын кітабын оқи отырып, кез-келген адамға ерекше көзқарас таба алатын идеалды өлемді құрай аласыз. Біртіндеп сөйлеу дағдыңыз батылырақ, ойларыңыз анық, нақты мақсатқа ұмтыла алатын адамға айналасыз. Кітап бойыңызда тығылып, жарыққа шықпай қалған мүмкіндіктеріңізді толығымен пайдалануға ықпал жасайды. Бастапқыда өзін атқарушымен деп санап келген жандардың көшбасшылық икемділігі қалыптасады. Әуел баста, «Как влиять на людей и выработать уверенность в себе, выступая публично» деген атаумен танымал болған бұл кітап «Қазақша 100 бестселлер» жобасы аясында қазақ тіліне аударылған өлемдік таңдамалылардың қатарына енеді.

Көш соңын тәмамдайтын соңғы кітапты автор ақылсынғанынан емес, өткенінде қателікті көп жібергендігінен жазғанын айтады. Өзіне де, өзгеге де пайдасын тигізу жолында есті адамға сабақ боларлықтай кітап қалдыру жайлы ойға бекіген. Олқылықтардың орнын толтырып, қалай сабақ алғаны жайында ғана емес, қалай өзгеріп, рухани даму жолына түскендігін баяндайды. Кітап **«Жүрек тыныштығы»** деп аталады. Авторы – Балқия Балтабай. Жазушының ойынша, адам әр жіберген қателігін түзете алса, бұл оның әлі де қателік жібермегені. Эмоцияны адекватты түрде басқара алу қасиетімен қатар, жеке шекараны қалыптастыру жайында пайымдалады. Қаламгер өлемнің шектеусіз екендігін, олар тек сенімсіз адамның миында ғана қалыптасатынын түсіндіруге тырысады. Туындыда көтерілген әр мәселені лайықты шешімімен, мысалымен көрсетеді. Өміріңізді өзгертіп, тереңге сүңгу үшін дем жетпей тұрса, бүгіннен қалмай оқуға кеңес беремін.

Ұлттық менталитетке сай, заманауи даму жолын меңгергіңіз келсе, сөреңізден орын алуы керек-ақ туындылар легі осындай. *Көрегің алып, даму жолында биік шыңдарды бағындыра беріңіз, кітапқұмар жас дос!*

Әсел ЖОЛДАСҚАЛИ,
студент



 МЕНШІК ИЕСІ: АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ	Бас редактор Болат ШАРАХЫМБАЙ Көркемдеуші-дизайнер Нұрбол ЖЕТИГЕНОВ Акерке ЫСҚАҚ фототілші Серік ИМАНҚҰЛОВ	Редакцияның мекен-жайы: 050010 Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі, 30-үй, № 323-бөлме. Байланыс тел.: +7 /727/ 291-37-56 Газет бүкіл республикаға тарайды.	Тапсырыс № 217 Индекс 65285 Таралымы 1000 • Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. • Редакцияға түскен материал қайтарылмайды.	«ҰЛАҒАТ» баспасының баспаханасында басылды Баспа директоры Таңат ӘЛИАСҚАРОВ Баспаның мекен-жайы: 050010 Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі, 30 - үй.
---	---	---	---	---